



Керек дерек

Енді әскери оқу орнына қайта қабылдануға өтінішті смартфон арқылы беруге болады. «eGov Mobile» мобильді қосымшасында «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарына қайта қабылдау» қызметі қолжетімді болды. Бұған дейін бұл қызмет «eGov.kz» порталында ұсынылатын.

Қызмет кемінде бір семестр білім алған әскери оқу орындарының бұрынғы курсанттарына арналған.

министрлігінің әскери оқу орындарына қайта қабылдау» қызметін таңдау қажет. Содан соң оқу орны мен оқудан шығарылған мерзім туралы ақпаратты көрсетіп, жеке деректерді өңдеуге келісім беріп, қажетті құжаттарды жүктеу керек. Соңғы қадам – ЭЦҚ немесе баламалы тәсілдер арқылы өтінішке қол қою қажет.

Қызмет тегін ұсынылады, құжат 20 күнде дайын болады. Өтінішті қарау нәтижесі «Жеке кабинет тарихы»



Өтініш цифрлық форматта қалыптастырылады, ал қажетті деректердің басым бөлігі мемлекеттік ақпараттық жүйелерден автоматты түрде жүктеледі. Бұл үдерісті барынша оңай әрі ыңғайлы етеді. Алайда өтінішті оқудан шығарылған сәттен бастап бір жыл ішінде ғана беруге болатынын ескеру қажет.

Қызметті пайдалану үшін «eGov Mobile» мобильді қосымшасында «Қызметтер», «Әскери есепке алу» бөлімдеріне өтіп, «Қазақстан Республикасы Қорғаныс

бөлімінде қолжетімді болады.

Айта кету керек, «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарына қайта қабылдану» қызметі eGov.kz порталында да қолжетімді. Бұл жаңарту Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және Қорғаныс министрлігінің бірлескен жұмысы нәтижесінде іске қосылды.

Пара спортшылар шахматтан 9 медаль жеңіп алды

Шахматтан әлем чемпионаты шілде айында Үндістанның Гоа қаласында өтіп, Қазақстанның пара спортшылары 9 жүлде иеленді.

Дүниежүзілік дода – шахматтың классика, блиц, рапид түрлерінен өтіп, оған 18 елден 100-ден астам спортшы қатысты.

Классикадан Аяулым Қамбарова, Бақытжан Майкенов, Әлімжан Аяпов қола жүлдегер атанды.

Блиц ойынында Бақытжан Майкенов пен Аяулым Қамбарова күміс, ал Серік Солтанов пен Әлімжан Аяпов қола медаль алды.

Ал рапид бойынша Әлімжан Аяпов пен Аяулым Қамбарова екінші орын алды.

Осылайша Қазақстанның пара спортшылары 4 күміс, 5 қола, барлығы 9 медаль иеленді.

«Созақ үні»-ақпарат.

Кездесу барысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға сапармен келген Бас хатшыға ризашылығын білдірді.

Мемлекет басшысы БҰҰ Бас Ассамблеясының 80-ші сессиясы қарсаңындағы тығыз жұмыс кестесіне қарамастан мәртебелі мейманның Алматыға арнайы келгенін атап өтті. Бұл сапардың еліміз үшін мәні зор әрі Ұйымның орнықты даму күн тәртібіне бейілдігін көрсетеді.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Орталық Азияда орнықты даму мақсаттарына арналған алғашқы орта-



Мемлекет басшысы БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерришпен келіссөз жүргізді

лықтың ашылуы – бүкіл аймақ үшін айтулы жетістік.

–Осы бастаманы қолдағаныңыз үшін Сізге және Сіздің ұжымыңызға өзімнің, сондай-ақ Қазақстан халқының атынан алғыс айтамын. Сіздің дер кезінде қолға алған әрі келешекті ойлаған UN80 бастамаңызды жоғары бағалаймын. Қазақстан ұйымды реформалау жолындағы іс-әрекеттеріңізді толық қолдайды. Осы ретте еліміздің Ұйым қызметінің негізінде жатқан мультилатерализм, дипломатия және ынтымақтастық қағидаттарына әрдайым бейіл екенін тағы да растаймын, – деді Президент.

Антониу Гутерриш қонақжайлық танытқаны үшін ілтипатын жеткізіп, Қазақстанның халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға және орнықты даму мақсаттарын ілгерілетуге қосқан үлесіне ерекше тоқталды.

–Қазақстан–бейбітшілік пен диалог символы, халықтар арасындағы алтын көпір әрі көптеген жағдайда әділ мәмілегер екенін көрсетіп келеді. Бұған осыдан ондаған жыл бұрын ядролық қарудан бас тарту туралы тарихи шешім негіз қалады. Бұл шын мәнінде бүкіл әлем үшін өнегелі іс болды. Өркениеттердің қақтығысы туралы сөз қозғалғанда, Қазақстан өз тәжірибесі арқылы

түрлі діндер және мәдениет өкілдері арасында диалог пен ынтымақтастық орнату мүмкін екенін дәлелдеді. Бұл Сіздің бастамаларыңыздан анық байқалады. Сіздер әрдайым әлемді ауызбіршілік пен бауырластыққа үндеп келесіздер, – деді Бас хатшы.

Кездесуде БҰҰ-ның Орталық Азия мен Ауғанстанға арналған орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығы қызметінің перспективасы, Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау мәселесі, халықаралық және өңірлік күн тәртібі, сондай-ақ басқа да өзекті тақырыптар талқыланды.

2,7 млн гектар жер шегірткеге қарсы өңделді



қорғау шаралары жүргізілді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 400 мың гектарға аз. Бүгінде барлық өңірлерде өңдеу толық аяқталды», деді спикер.

Мониторинг тиімділігін арттыру мақсатында зерттеулерге 4625 маман жұмылдырылған, бұл 2024 жылдан екі есе көп. Сондай-ақ әзірленген Жол картасы жүзеге асырылды.

Жалпы 443 арнайы техника, соның ішінде 24 жеңіл авиация ұшағы, 31 аса жеңіл авиация техникасы, 49 агродрон пайдаланылған.

Өңдеу барысында қолданылған барлық препараттар жоғары биологиялық сәйкес болған.

Елімізде ауыл шаруашылығы алқаптарын шегірткеге қарсы химиялық өңдеу жұмыстары аяқталды. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте сала министрлігіне қарасты аграрлық-өнеркәсіптік көшенің (АӨК) мемлекеттік инспекция комитеті төрағасының орынбасары Саят Сақмолдин мәлім қылды.

«Шегірткеге қарсы уақытылы және сапалы күрес шараларын ұйымдастыру – елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі басым бағыттардың бірі. Биыл үйірлі шегірткелерге қарсы 2,7 млн гектар аумақта

тиімділікке ие әрі қауіпсіздік талаптарына сәйкес болған.

Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан және Қытаймен бірлескен зерттеулер, онлайн-кеңестер және шегірткенің таралуы бойынша деректер алмасу тұрақты түрде жүргізіліп отырды.

Шара қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығы дақылдарының зақымдануына, сондай-ақ шегірткенің көрші мемлекеттердің шекаралас аумақтарына көшуіне жол берілмеген.

Қыс қыр астында!



Білім бөлімі қысқа дайындықты бастады

Аудандық «Созақ үні» газеті ықылым замандардан бері түрлі айдарлармен ауданымыздың экономикалық, рухани және әлеуметтік салалары жайлы жазып келеміз! Сондай айдарлардан бірі: «Қыс қыр астында», «Қыстың қамын жаз ойла» деген айдарлар. Бұл айдарлардың мақсаты, мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелердің және ауыл тұрғындарының, мал шаруашылығымен айналысатын қожалықтардың қысқы мал азығы менен жылыту маусымына дайындығы жайлы аудан жұртшылығына ақпарат беру. Аудан халқын әлгі қыр астында тұрған қыс мезгіліне, жаздың соңғы айынан бастап дайындау. Өйткені, табиғат тосын сыйлардан тұратын, қалай құбылатынын кесіп айтуға келмейтін құбылыстардан тұрады. Оның үстіне, биыл жалпы елімізде қуаңшылық орын алып, біздің ауданымыз да жеті жұттың бірі, құрғақшылықтан аман болмай тұр. Ал, бұл, өз кезегінде мал шауашылықты өңір, біздің аудан жұртшылығы үшін қыс қамына жылдағыдан да артық дайындық қылу қажет дегенді білдіреді. Жалпы, билік пенен бұқараның арасына алтын көпір боп, қоғамда қордаланған мәселені бірінші болып көріп, көтеруі тиіс газет ұжымы үшін қысқа дайындық жайлы материал әзірлеп, дабыл қағу мойнымыздың борышы екенін біріз де білесіздер. Әсіресе, ауданымыздың білім және денсаулық саласына қарасты мекемелердің қысқа дайындығы қоғамды да, жергілікті БАҚ тың жалғыз өкілі «Созақ үні» газеті ұжымын қатты алаңдатады. Осы ретте, газетіміздің: Білім мен денсаулық, кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы, ЖКХ салалары менен Шолаққорған, Жартытөбе мен Қымкент және Таукент ауыл әкімдерінің экономикалық, рухани және әлеуметтік мәселелері жайлы жазуға жауапты маманы ретінде мен де өз жұмысыма кірістім. Сондай-ақ, өзіме тиесілі мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың қысқа дайындығын түгендеуді Созақ аудандық білім бөліміне қарасты білім ошақтарынан бастадым. Әуелі, аудандық білім бөлімінің басшысы Өтебаев Абайға хабарласқан едім, ол кісі кезекті еңбек демалысында жүр екен. Бөлім басшысының айтуымен экономисті Серікбаев Дархан және шаруашылық жөніндегі орынбасары Әбді-

раев Жеңіспен байланыстым. Сөйтсем, Созақ аудандық білім бөліміне қарасты 35 мектептің 14 сыйық отынмен жылытатын қазандықпен жабдықталған екен. Қалған 21 қатты отын, көмірмен жылытылатын көрінеді. Сонымен қатар, 2025-2026 жылғы жылыту маусымы үшін 21 мектепке 10 708 тонна қатты отын қаралғанға ұқсайды. Ал енді, аудандық білім саласына қажетті қатты отынмен қамту құжын арнайы конкурспен ТОО «NDS SERVICE» компаниясы жеңіп алған екен. Білім бөлімінің қызметкерлерінің айтуынша, қазіргі таңда Шолаққорған жылыту базасына 3100 тонна қатты отын түсіріліпті. Бұл жайындағы ақпарат ести сала газетіміздің тілшісі Жандәулетов Біржан Шотұлы екеуіміз жылыту базасына бардық. Басында білім бөлімінің экономисті Серікбаев Дархан мен мердігер компанияның өкілі жүр екен. Сол күні Шаға ауылындағы Бақберген мектебіне 76,740, Тасты ауылындағы Абай мектебіне 131,020 және Көктөбе ауылындағы Суындық мектебіне 60, 060 тонна қатты отын (көмір) артылып, жіберілді. Қалған мектептерге де тиесілі көмір отынын кезең-кезеңімен жөнелтуді жоспарлап отыр екен.

Әңгіме барысында айта кету керек, былтырғы жылыту маусымы кезінде аудандық білім бөліміне қарасты бірнеше мектептерде нақ осы қатты отынның сапасыздығы орын алды. Нәтижесінде, атааналардан арыз-шағымдар түсіп, қоғамдық ұйымдар дабыл қағып, бақылау жағдайымыз бар. Абырой болғанда жаңадан аудандық білім бөлімінің басшылығы қызметіне жаңадан кеп жатқан Өтебаев Абай мырза табандылық танытып, мердігерге қатты талап қойып, қатты отындарды қайтарған болатын. Міне, осындай жағдайлар орын алмасы үшін, алдағы уақытта бұл жылыту маусымында аудандық білім бөлімі мен денсаулық салаларына қатысты мекемелерге тиесілі қатты отынның сапасын газеттің, қоғамдық ұйымдардың тарапынан қадағалайтын боламыз. Себебі, еліміздің өртені, білім ошақтарында оқып жатқан балаларымыз жаурамауы, сырқаттамауы тиіс. Сол үшін мемлекет бюджеттен қыруар қаржы бөліп отыр.

**Данияр
ҚҰЛ-АХМЕДҰЛЫ.**

ЖАРТЫТӨБЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҮШ НЫСАН ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Жартытөбе ауылдық округінде балалардың бос уақытын тиімді өткізуіне және спортпен айналысуына мүмкіндік беретін үш жаңа нысан ашылды. Бабата елді мекенінде кіші футбол алаңы мен балалар ойын алаңшасы пайдалануға берілсе, Жартытөбе ауылында да кіші футбол алаңы ел игілігіне ұсынылды.

Ашылу рәсіміне арнайы қатысқан аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков жергілікті тұрғындарды жаңа нысандардың ашылуымен құттықтап, ауыл жастары үшін жасалып жатқан игі істердің маңыздылығын атап өтті.

«Бұл нысандар—ауыл жастары үшін үлкен мүмкіндік. Балалардың спортпен шұғылданып, бос уақытын тиімді өткізуіне жағдай жасайды. Мұндай спорттық және ойын алаңшалары барлық ауылдарда салынып жатыр. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады», — деген аудан басшысы округтегі басқа да ауқымды жұмыстардың барысымен бөлісіп, демешілердің қолдауымен жүзеге асырылып жатқан жобалар жөнінде де айтып өтті.



Іс-шара барысында бүлдіршіндерге балмұздақтар үлестірілді. Жаңа ашылған алаңдарда алғашқы ойындар өтіп, балалардың қуанышы еселене түсті.

Ауыл ақсақалдары мен тұрғындар атқарылып жатқан жұмыстарға ризашылықтарын білдіріп, алғыстарын айтты. Жаңа нысандардың ауыл өмірін жандандырып, балалар мен жастардың уақытын пайдалы өткізуіне мүмкіндік беретінін атап өтті.

Осы ретте айта кететін жайт, округке қарасты Ақ-қолтық елді мекеніндегі кіші футбол алаңының құрылысы да аяқталуға жақын. Жақын күндері ол да тұрғындардың пайдалануына беріледі.

**Аудан әкімінің
баспасөз қызметі.**

КІТАПХАНА ТҮНІ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫҢ БҰЛАҒЫ

Созақ аудандық орталық кітапханасының ұйымдастыруымен «Кітапхана түні—шығармашылықтың бұлағы» атты рухани кеш өтті. Бұл кеш 2023 жылдан бері жүзеге асып келе жатқан «Кітапхана түні» жобасы аясында өткізді.

Кештің шымылдығын Созақ ауданы әкімінің орынбасары Алтын Күнтуқызы ашып, жобаның маңыздылығына тоқталып өтті. Ол өз сөзінде жаз айларында оқырмандардың кешкі мез-

жылқы» мәдениет сарайының әншілері әсем әндерін тарту өтті. Кеш барысында «Букет конфет» атты әдеби-танымдық викторина ұйымдастырылып, шараны әсерлі ете түсті.

Кеш соңында аудан қа-



ұйымдастырылды. Жобаның авторы—кітапхана саласының үздік маманы, білікті ұйымдастырушы Эльмира Қайдауқызы екені көпшілікке белгілі.

Аталмыш жоба ең алғаш рет Созақ ауданында қарқынды түрде қолға алынып, оқырмандардың ыстық ықыласына бөленді. Міне осы дара жолды бүгінде аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Нұржамал Әбілжанқызы жалғады. Ол бұл кеш аясында ардагер кітапханашыларды, ақын-жазушыларды, қоғам белсенділерін бір арнаға тоғыстырып, рухани кешті жоғары деңгейде

гілде кітапханаға жиналуы кітап пен кітапханаға деген ерекше сүйіспеншіліктің көрінісі екеніне айрықша тоқталды.

Рухани кешке ҚР Мәдениет қайраткері, қаламгер Мыңжасар Асқарұлы, ақын, Төлеген Кәрібеков, Созақ аудандық мәслихатының депутаты Рабиға Шамақызы, кітапхана ардагері Эльмара Мырзатайқызы қатысып, кітаптың құдіреті, руханияттың мәні жайлы мазмұнды пікірлерімен бөлісті, жастарға сәттілік тіледі.

Кітапхана оқырмандары ақындардың өлеңдерін нақышына келтіріп оқып, өнерлерін паш етсе, «Мың-

ламгерлерінің шығармашылығына арналған кітап көрмесі таныстырылып, қатысушылар естелік суретке түсіп, көтеріңкі көңіл күймен тарқасты.

Шараның қорытынды сөзін сөйлеген Нұржамал Әбілжанқызы жобаның негізгі мақсаты мен мазмұнына тоқталып, алдағы уақытта да рухани бағыттағы жұмыстар жалғаса беретінін жеткізді. Сонымен қатар, жоба авторына және барша оқырмандар мен қатысушыларға алғысын білдірді.

**Оқырмандарға қызмет
көрсету бөлімшесі.**

Ауыл шаруашылығы санағы бойынша брифинг өтті

Қазақстан Республикасында 2025 жылғы 1 тамыз бен 20 қазан аралығында Ұлттық ауыл шаруашылығы санағын өткізу жоспарланған болатын.

Ауыл шаруашылығы санағы – бұл еліміздің аграрлық секторының құрылымы, ресурстары мен жай-күйі туралы өзекті әрі сенімді деректерді алуға мүмкіндік беретін ауқымды статистикалық байқау болып табылады. Санақ деректері тиімді мемлекеттік саясат құру, ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдау, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және халықаралық міндеттемелерді орындау үшін қажет.

Санақ жүргізу және оның мерзімдері туралы шешімді Үкімет Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қабылдады. Оны өткізу мерзімі ауыл шаруашылығы жұмыстарының маусымдылығын және ауыл шаруашылығы жылының қорытындылары бойынша өзекті деректерді алу қажеттілігін ескере отырып таңдалған.

Осыған орай өткен аптада аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудан әкімінің орынбасары Серік Мамановтың және де аудандық статистика басқармасының басшысы Марат Бегалиевтің, жергілікті БАҚ өкілдерінің қатысуымен брифинг өтті.

Аталған брифингте Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы жайында журналистер тарапынан бірқатар сауалдар жолданып, жауаптар алынды.

Өз кезегінде аудандық статистика басқармасының басшысы Марат Бегалиев аталған санақ бойынша біршама сауалдарға жауап берді:

«Биылғы өтетін Ұлттық Ауыл шаруашылығы санағына кімдер қатысады, біріншіден, бұл – мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы және балық шаруашылығы салаларында айналысатын шаруа немесе фермер қожалықтарын қоса алғандағы, заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер. Екіншіден, жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін жер учаскелері бар және/немесе мал ұстайтын үй шаруашылықтары. Ашып айтқанда, бұл бау-бақшасы бар, өздері үшін төрт түлік ұстайтын, құс өсіретін және өзге де ауыл шаруашылығы жануарлары бар жеке тұрғын үй шаруашылықтары. Санақтың негізгі кезеңі 1 тамыз бен 20 қазан аралығын қамтиды. Ішінде ол онлайн және офлайн кезеңдерге бөлінеді. Алдымен 1-31 тамыз аралығында sanaq.gov.kz сайтында онлайн-сауалнама жүргізіледі. Бүгінде сайт санақ жұмысымен танысу үшін жұмыс істеп тұр. Заңды тұлғалар, фермерлер, үй шаруашылықтары–барлығы порталдағы санақ парақтарын қашықтан өз бетінше толтыра алады. Бұл әдіс өте ыңғайлы, сонымен қатар деректерді жинаудың тиімділігі мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді.



Санақтан онлайн түрде өтуді ыңғайлы қылу үшін жергілікті әкімдіктер мен аудандық (қалалық) статистика бөлімдерінің ғимараттарында өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтары ұйымдастырылады. ЖШС, (жауапкершілігі шектеулі серіктестігі) Дара кәсіпкермен шаруа-фермер қожалықтары сияқты шаруашылықтың барлық ұйымдастырылған нысандары сауалнамадан sanaq.gov.kz сайтта өз бетінше өтуі тиіс екенін ескертемін. ЭҚЖЖ (экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жүктеуіші) бойынша қызметі мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы немесе балық шаруашылығымен байланысы барлар санаққа қатысуға міндетті.

Егер респонденттің сауалнама парағын толтыру кезінде қандай да сұрақтары туындаса, арнайы дайындалған жасанды интеллект арқылы жауап беретін sanaq-murza виртуалды көмекшісіне жүгіне алады.

Сондай-ақ 1446 нөмірі бойынша бюроның байланыс орталығына хабарласуға болады. Қоңыраулар сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін, ал онлайн-сауалнама басталған кезеңде –тәулік бойы, аптасына жеті күн қабылданады.

Екінші кезең–интервьюерлердің үй шаруашылықтарын жеке-жеке аралауы, ол ағымдағы жылдың 20 қыркүйегі мен 20 қазаны аралығында өтеді. Нәліктен араға 20 күн қалдырып отырымыз,себебі бізге сауалнаманы өз бетінше аяқтағандарды немесе аяқтамағандарды ескере отырып, үй шаруашылықтарының тізімдерін қалыптастыру үшін қосымша уақыт қажет.

Сауалнамаларда қандай сұрақтар болады? Заңды тұлғалар үшін сұрақтар жер және егіс алқаптары, мал басы, ауыл шаруашылығы техникасы және инфрақұрылымға байланысты болады. Сондай-ақ респон-

денттерден олардың қызметінің сипаттамалары, еңбек ресурстары және ауыл шаруашылығы қызметінің басқа да аспектілері туралы сұралады. Үй шаруашылықтарында біз жер аумағы туралы сұраймыз, олар маусымдық немесе көпжылдық дақылдар еге ма, мал немесе құс ұстай ма, оларды жайылымға шығара ма деген сияқты анағұрлым қысқартылған нұсқадағы сауалнама болады.

Ұлттық статистика бюросы алынған деректердің анонимділігіне және оларды қатаң статистикалық мақсаттарда пайдалануға кепілдік беретінін атап өткім келеді. Сандар респонденттің бастапқы деректерін көрсетпей-ақ, жиынтық түрде өңделі және жарияланады. Деректер салық немесе басқа мемлекеттік органдарға берілмейді.

Сауалнама парағын толтыру кезінде респондент (ұйымдасқан шаруашылық) мемлекеттік деректер базасында деректерді жаңарту үшін алынған деректерді ұсынуға келісім бере алады, мысалы, малдың, техниканың, жер учаскесінің болуы және т. б. туралы.

Барлық кезең аяқталғаннан кейін біз 2025 жылғы желтоқсанда санақтың алдын-ала нәтижелерін жариялаймыз. Соңғы жиынтық деректер мен аналитикалық есептер Ұлттық статистика бюросының сайтында көпшілікке 2026 жылы жарияланатын болады.

2025 жылғы ұлттық ауыл шаруашылығы санағы –Қазақстанның аграрлық секторын және азық-түлік қауіпсіздігін тұрақты дамытуға арналған стратегиялық маңызы бар іс-шара екенін тағыда айтқым келеді. Алынған деректер тиімді мемлекеттік саясат пен барлық деңгейдегі ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдауға негіз болады. Барлық қатысушы тарапты өздерінің азамат-

тық ұстанымын танытып, санаққа белсенді түрде қатысуға шақырамыз.

2025 жылғы ұлттық ауыл шаруашылығы санағы –Қазақстанның аграрлық секторын және азық-түлік қауіпсіздігін тұрақты дамытуға арналған стратегиялық маңызы бар іс-шара,

Алынған деректер тиімді мемлекеттік саясат пен барлық деңгейдегі ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдауға негіз болады яғни қаламызда ауыл шаруашылық саласының әлсіз және күшті жақтары анықталады. Соған қарай саланы дамыту бағыттары қосымша анықталатын болады.

Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы екі кезеңнен тұрады бірінші кезең дайындық кезеңі 1-30 маусым аралығында яғни бүгінгі таңда қалада журуде Листинг кезеңі деп аталады Алдын ала егістігі бар 4 түлік малы бар жеке үй шаруашылықтарын анықтау мақсатында аралап шығу.

Екінші негізгі кезең 1 тамыз бен 20 қазан аралығын қамтиды. Ішінде ол онлайн және офлайн кезеңдерге бөлінеді.

Жоғары да айтып өткендей біріншіден, бұл–мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы және балық шаруашылығы салаларында айналысатын шаруа немесе фермер қожалықтарын қоса алғандағы, заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер. Екіншіден, жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін жер учаскелері бар және/немесе мал ұстайтын үй шаруашылықтары. Ашып айтқанда, бұл бақшасы бар, өздері үшін төрт түлік ұстайтын, құс өсіретіндер және тағы да басқасы.

Санақ кезінде мал басына, ауыл шаруашылығы саласындағы арнайы техникаларға, егілген егіс көлеміне, көпжылдық өнім беретін дақылдарға (бау, жүзім), түгендеу жүргізілетін болады.

Жиынды қорытындылаған аудан әкімінің орынбасары Серік Сахиұлы алдағы науқанда аудан жұртшылығы бірлік танытып жұмыс атқарады деген сенімін білдіріп, жұмыла жүйелі жұмыс жүргізілетіндігін айтты.

Қазақстан Республикасының әрбір азаматының еліміздегі өтілетін кезкелген ауқымды іс-шараларға қатысуы, атсалысуы азаматтық борышы деп білеміз. Жоғарыда айтып өткеніміздей бұл санақ еліміздің аграрлық саласын тұрақты дамытуға арналған стратегиялық маңызы бар іс-шара, санақ нәтижесімен өңделген деректер барлық деңгейдегі ауыл шаруашылығы өндірушілерін мемлекеттік қолдау тетіктерін қосымша анықтауға, нақтылауға негіз болады.

Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ.

Ауылшаруашылығы санағы басталды

Мемлекет басшысының 2023 жылғы 26 сәуірдегі өкіміне және Үкіметтің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 1248 қаулысына сәйкес, 2025 жылғы 1 тамыз бен 20 қазан аралығында Қазақстан Республикасының ұлттық ауыл шаруашылығы санағын өткізу туралы шешім қабылданды. Ауыл шаруашылығы санағының нәтижесінде ауыл шаруашылығы саласының жай-күйінің егжей-тегжейлі және объективті бейнесі алынады, елдің азық-түлік ресурстарын қалыптастырудағы ауыл ша-



руашылығы тауарын өндірушілер, әрбір санатының рөлі туралы толық деректер алынады. Ауылшаруашылығы санағы-аграрлық сектордың жай-күйі туралы шынайы және жан-жақты ақпараттардың негізгі көзі. Ол егіс алқаптары, мал басы, шаруашылықтардың құрылымы, материалдық-техникалық жарақтандыру деңгейі, еңбек ресурстары туралы деректерді ұсынады. Бұл аграрлық сектордың әлеуетін жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді. Бұл ақпарат негізделген жоспарлау,

мемлекеттік ресурстарды тиімді бөлу және тұрақты агроөнеркәсіптік саясатты қалыптастыру үшін маңызды. Өткен аптада Созақ аудандық статистика басқармасының ұйымдастыруымен ауыл шаруашылығы мамандарының санақшы топ мүшелерімен, арнайы бекітілген нұсқаушылардың қатысуымен семинар кеңес өткізілді. Семинар кеңесте алдағы науқанның барысы тағы да пысықталып, нақты тапсырмалар берілді.

«Созақ үні»-ақпарат.

Аймақтың орталығы саналатын, киелі де қасиетті Түркістан қаласындағы облыстық әмбебап «Фараб» ғылыми кітапханасы мен Созақ аудандық орталықтан дырылған кітапханалар жүйесі бірлесіп Созақ көтерілісінің сексен жылдығына орай «Созақ көтерілісі батырлық пен бірліктің айғағы» атты репрессия құрбандарын еске алу шарасын ұйымдастырды. Бүгін сол шараның куәсі, қатысушысы болып қайттық. Сой есімдері аудан, облыс көлемі түгелі республиканы жаңғыртатын Мұхамеджан Рүстемов, Сүлеймен Тәжіріз, Дулат Тұрантегі, Жарылқасын Боранбай, Өтеш Қырғызбаев,

көтерілістің шығу тарихы мен ұлт тарихындағы орнын кеңінен ашып көрсетті.

Сондай-ақ дөңгелек үстел басында Созақ ауылының ақсақалы Болат Ысқақов, ауған соғысының ардагері, аудандық өзбек этно-мәдени орталықтың төрағасы Мұхаммеджан Бабаев, Созақ ауылдық биі Бекболат Сегізбаевпен аудандық мәслихат депутаты Жәдігер Әлібеков, ауыл ақсақалы Ізбасар Қуанышовтар көтеріліс ерлерінің ерлігі бүгінгі ұрпаққа үлгі екенін атап өтті.

-Нағашы әжем Мырзабатырқызы Тажбан апамыз Созақ көтерілісі туралы көп білетін құйма құлақты кісі болатын. Сол апам айтып



Сонда әлгі кісі тірі қалған екен. Бірақ оқ тиіп құлаған-дардың салмағымен бұл кісиде құлайды. Өзі ең шетінде тұрған екен. Содан оқ өтпей аман қалыпты. Бірақ қорыққанынан оқ тиген адам құсап жата беріпті. Өлі ме, тірі ме деп мылтықтың найзасымен өліктерді шанышып жүрген солдат найзасын сілтеп қалғанда май құйрыққа кірші етіп кіріп кетіпті. Жан керек. Амалсыз тістеніп ауырса да жата беріпті. Содан аман қалған екен,-дейді Созақ ауылының биі Сегізбаев Бекболат ағам. Шараға қатысушылардың да бірсыпыра айтар әңгімесі бар екен біразын жазып үлгердім.

ҰЛТ ЖАДЫНДА ҰМЫТЫЛМАЙТЫН

Тұрысбек Шылманбетов, Бөргазының Өскені сияқты жазушы, ақын, тарихшы-түбі бір қалам ұстаған шығармашылық өкілдерінің қаламы мен парағына арқау болған Созақ көтерілісі бүгінгі таңда өгейлеу қалды, зерттелмей қалды, елеусіз, ескерусіз қалды деуден аулақпыз. Ай айналымаса да жыл айналып зиялы жұрт кезегімен келіп, соғып, жұлқа тартып кетіп отырады. Бұл жолғы ұйымдастырылған шараның ауқымы жақсы, айтар ойы бар зиялы қауым өкілдері де барынша жиналған екен.

Жылдан жылға сол жылдардың тікелей көзін көрген куәгерлері түгелі, «атам айтып еді, әжем айтып еді» дейтін немерелерінің өздерінің көздері біртіндеп кетіп жатыр. Ол енді өмірдің заңы ғой. Сонда да болса не естігеніміз, не білгеніміз бар сыпыра жазып алып қалуға тырысудамыз. Шараның қонағы, әрі ұйымдастыру тобының мүшелері, «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасының қызметкерлері болды. Алдымен күнгейден келген қонақтарды Созақ ауылының кіре беріс шетіндегі қуғын-сүргін құрбандарына арналған еске алу мемориалды көшенінен күтіп алдық. Ескерткіш басына барып сол жылдары құрбан болған созақтық батырлардың рухына бағыштап құран оқылды. Ескерткішке тағзым етілді. Одан кейін Созақ ауылдық мәдениет үйінде орналасқан ауылдық кітапханада болды. Ауылдық клубтың залында дөңгелек үстел басында пікір алмасу сағаты болды. Жиынды аудан әкімінің орынбасары Алтын Күнтуқызы ашып, халқымыздың азаттығы жолында жанын қиған ерлердің ерлігін ұлықтаудың маңыздылығына тоқталды. Ол бұл шара өңір тарихына құрмет көрсетіп, ұмыт қалған ұлы тұлғаларды насихаттаудың жарқын көрінісі екенін атап өтті.

Іс-шара барысында «Созақ көтерілісі-тарихтың таңбасында» атты бейнеролик көрсетіліп, онда 1930 жылғы көтерілістің себептері мен қаһармандары жайлы деректер ұсынылды.

Ақын, өлкетанушы, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, «Созақ үні» газетінің бас редакторы Мақсат Жеңісұлы арнайы баяндама жасап,

ҰЛЫ КҮНДЕР

отыратын, мен сегіз-тоғыз жаста болатынмын. Көтеріліс басталып жұрт жаппай қырғынға ұшырап жатты. Сонда бір сельсоветтің қызметкері жап жас жігіт «көшеде қырғын болып жатыр» деп сельсоветке қашып келіпті. Ол кезде ау-

жазып қояды деген рас екен. Басының қақпағы ашылып кеткенде мен басының ішінен жазуын көрдім депті Тажбан апамыз. Ол кісінің «маңдайындағы жазуы бар екен» деп жүргені адамның басындағы миының жазу сияқты қатпарлары болса керек.

хан деген азаматтан қайдан келдің деп сұрапты. Ол Созақтан келдім десе «Ох, басамашы!» деген екен. Сол кісі менен де қайдан келдің деп сұрады. Созақ ауданынан дедім. Сол кезде бетіме тесіле қарап қалды,-деп Мұхаммеджан аға өткен жылдарды әңгімелеп берді.

Аталмыш шараға Созақ аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі директоры Нұржамал Майусова, Түркістан облыстық «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасының оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі Дана Байдәулетова, негізгі қор сақтау бөлімінің меңгерушісі Гүлзира Жұманова, кітапханашы Әмзеева Мақпал ханымдар қатысып, Созақ ауылдық кітапханасының жұмыстарымен танысты.

Іс-шараны Түркістан облы-



ылдық кеңестің кеңсесі қазіргі пошта мекемесі орналасқан жер болатын. Содан әлгі жігітті көтерілісшілер лезде тауып алып, сүйреп көшеге шығарды да аяқ қолын тікесінен тік тұрған күйі басын балтамен шауып жіберді. Сонда миының қақпағы ұшып кетті. Адамның тағдыры маңдайына

1976 жылы Низами атындағы Ташкент педагогикалық институтына оқуға бардым. Бізге «Азаматтық қорғаныс» деген пәннен Муликин деген лейтенант шеніндегі орыс офицері сабақ берді. Сол кісі кезінде Созақ көтерілісін басуға келген жазалаушы әскерде қызмет еткен екен. Жуасбаев Омар-

-Созақ көтерілісі туралы менің де анам айтып отыратын. Көтерілісшілер әсіресе шашы бар кісілерді қатты қысымға алыпты. Кім шаш қойған соларды өкімет адамы санап қырып жояды. Біздің үй қазіргі мәдениет үйінің орнында болатын. Ал аудандық партия комитеті Қарабураның түбінде болатын. Көшедегі аппақ қар қанмен араласып қып-қызыл қанға бөгіп жатыпты,-деп Болат Ысқақов ағамыз да өз естіген әңгімесімен бөлісті.

-Атамыз айтып отыратын. Көп әңгіме айтыла бермейтін. Сонда шошайған мылтық асынып, шошақ әскери қалпақ киген қызыл әскершілер қаптап кетіпті. Есіркеп деген көкеміз сол топтың ішінде болып ұсталыпты. Сол кезде бесалты адамды қатарынан тізіп, бір біріне жақындатып қойып бір оқпен атыпты. Бәрі түгел оққа ұшыпты.

стық «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасының Оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі Дана Хантөреқызы қорытындылап, Созақ көтерілісінің тағылымын ұрпақ санасында сақтау қажеттігін айтты.

Созақ аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Нұржамал Әбілжанқызы да көтерілістің саяси мәнін атап өтіп, барлық қатысушыларға алғысын білдірді.

Созақ ауылдық мәдениет үйінің директоры Талғат Алтыбаевқа, Созақ, Көктөбе ауылдық кітапханашылары Эркина Жумадилова мен Дина Төлеуоваларға шараны өз деңгейінде өткізгендері үшін ризашылықтарымызды білдіреміз.

Бұл Созақ көтерілісі деген тақырып Созақ ауданы бар уақытта ескерусіз қалмасы анық. Бостандық пен ел тәуелсіздігі жолында құрбан болған есіл ерлеріміздің есімі ешқашан ел жадынан шықпақ емес.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Созақ көтерілісі және МҰХАМЕДЖАН РҮСТЕМОВ

Бұл мақаланың жазылуына соңғы кезде Шымкент қаласының орталық саябағында орналасқан 1930 жылы Созақ көтерілісіне қатысқан кедей шаруаларды қынадай қырған Қызыл Армия жауынгерлерінің ескерткішін алып, басқа зиратқа орналастыру туралы бастаманың жаңаша сипат алуы себеп болып еді. Бұл–қазақ тарихындағы ақтаңдақ болып саналатын көкейтесті мәселенің әлдеқашан шешімін табуы тиіс екені туралы соңғы қырық жылдан бері көтеріліп келе жатқанын, еліміз тәуелсіздік алғалы қарқын алып кеткенін айтуға тиіспіз. Созақ көтерілісінің әділетті тарихи бағасын алуы туралы ұзақ жылдар баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалар, оның ішінде сол қасиетті Созақ топырағынан шыққан қаламгер әкелерім мен ағаларымның жанайқайын ұмытпаймын. Созақта туып-өскен шежіреші қаламгерлер Есіркеп Өмірбеков, Сүлеймен Тәбірізов, Дулат Тұрантегі, өзге де азаматтар ұзақ жылдар бойы бұл тақырыпты егжей-тегжейлі жазумен болды. Бұл азаматтардың жазған кітаптары мен баспасөз беттерінде жарияланған мақалалары асыл қазына ретінде жеке мұрағатымда сақтаулы тұр. Сол алдыңғы буын намысқой ағаларымның ізімен өзім де бұл тақырыпқа қалам тербеп, ұзақ жыл Созақ ауданында журналистік қызмет атқарған кезімде отызыншы жылдың қанды оқиғасына араласқан, азабын тартқан шерменде көңіл азаматтардың бейне және ұнтаспаларын жазып алып, әуелі мақаладан басталған дүниелер біртіндеп деректі повеске («Созақ көтерілісі», 2003 жыл), кейіннен 2007 жылы мемлекеттік тапсырыспен жарық көрген «Созақ қасіреті» тарихи романыма ұласты. Кезінде кездесіп, тілдескен сол шерменде көңіл асыл азаматтар бұл жарық дүниеден өтіп те кетті. Созақ көтерілісі қатпары терең, жүгі ауыр, жүз қаламгерге жүк болар тақырып. Демек, ол алдағы кезде де зерттеле береді.

Көне Созаққа бұрын да талай ат ізін салып жүрген шымкенттік ұлтжанды азамат, тарихшы, сазгер Мұхамеджан Рүстемов ағамыздың 1990 жылдың мамыр айында ауылға келуі жұртшылық есінде сақталып қалған оқиға болды. Сол кездегі саясаттың, бірыңғай жүйенің көбесі әлі сөгілмей тұрған шақта ержүрек азамат үлкен бастама көтерді. Ұзақ жыл халық санасында беріш болып қатқан, жұртшылықтың көкейінде тұншыққан шындыққа – 1930 жылғы Созақ көтерілісіне әділетті баға беру туралы мәселе қозғады. Сол кездегі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Досыбай Шерімқұловқа арнайы кіріп, өз ойын жеткізгенде аудан басшысы да орынды мәселеге қолдау көрсетті. Мамырдың жиырма төртінші жұлдызында аудандық партия комитетінің мәжіліс залында Созақ аудандық тарихи-ағарту ерікті «Әділет» қоғамының алғашқы басқарма жиналысы өтті. Оның жұмысына қоғамның басқарма мүшелері, ауданның соғыс және еңбек ардагерлері, өзге де жұртшылық өкілдері қатысты. Жиынның күн тәртібіне бір-ақ мәселе–1930 жылғы Созақ көтерілісіне әділетті тұрғыдан баға беру мәселесі шығарылды. Бұл жиынға Мұханның қасына еріп келген облыстық ерікті тарихи-ағарту «Әділет» қоғамы төрағасының орынбасары Қазәлі Әлібеков, Созақ аудандық «Әділет» қоғамының төрағасы Дулат Тұрантегі басшылық жасады. Әуелі Мұхамеджан Рүстемов бұл басқосу-

дың мақсаты, әңгіме болғалы отырған мәселенің толғағы жеткен өзектілігі, кейінгі ұрпаққа әділеттілік тұрғыдан ақиқат сөзін қалдыру туралы егжей-тегжейлі әңгімелеп берді. Мұханның сөзі ауызекі жалаңқай сөз емес, нақтылы архивтік құжаттар мен деректерге сүйенгендіктен нағымды шықты. Ұзақ жыл облыстық партия архивінде қызмет атқарып, шындықты бүркемелеген нешеме сорақы деректерге қаныққан, көзі ашық, көкірегі ояу азамат елдің ұзақ жыл айта алмай келген, іштерінде тұншығып жатқан шындықты бүркемелеген қара пердені сілкіп тастағандай болды. Халықтың басындағы қасірет туралы көнекөз қариялардың ой-пікірін білгісі келетінін, көп болып талқылап, ортақ мақсатқа тоқтап, шешім шығару керек екенін айтты. Шындық, ақиқат сөздің тығыны ағытылған соң қарттар мінбеге кезек-кезек көтеріліп, ұзақ уақыт көкейлерінде беріш болып қатқан мұң-шерлерін ортаға ақтарып жатты. Сол жиынға қатысып, шындықтың бетін ашып, үлкен мінбеден сөз сөйлеген қарттардың көбі бұл күнде жарық дүниеде жоқ. Көтеріліс тауқыметін басынан өткерген, көңілі қобалжып сөз сөйлеген Сәйділда Мұстафаев, Шама Отыншиев, Дәуіт Әділов ұзақ уақыт зарықтырып жеткен ақиқат астарының ашылғанына ризашылықтарын білдірді. Сол жиында көкейіне өксік көптеліп, көзіне жас алған қарттарды да көрдім.

Созақ аудандық тарихи-ағарту ерікті «Әділет» қоғамының басқарма жиыны аудан өмірі үшін тарихи маңызы зор қаулы қабылдады.

«1930 жылы ақпанда Созақ ауданында болған халық қозғалысына «алашордашылардың, байлар мен ишандардың басшылығымен Кеңес өкіметіне қарсы ұйымдастырылған контрреволюциялық қарулы көтеріліс» деп берілген баға әділетсіз,



сұралсын. Сондай-ақ, көтерілістен соң қылмыстық істер қозғалып, жазықсыз сотталған азаматтардың қылмыстық істерін қайта қарауды Қазақстанның Жоғарғы сотына, республика прокуратурасына, Қазақстан қауіпсіздік комитетіне тапсыру сұралсын.

Облыстық тарихи-ағарту «Әділет» қоғамы бұл іске мұрындық болып, әділетті шешімнің жүзеге асырылуына атсалысуы сұралсын».

Міне, қаулы мәтіні осындай еді.

Мұхамеджан Рүстемов одан кейін де елдегі көнекөз қариялармен сөйлесіп, олардың ой-пікірлерін тыңдап, көп жайтты көкейіне түйді. Бұл тақырыптағы жинақталған деректер мен ой-толғамдарын 1993 жылы Шымкент қаласынан кітап етіп шығарып, облыс оқырмандарына таратты.



нақақтан қазақ халқына жабылған жала деп есептеліп, ол келешекте тарихи құжаттарда Голощекиннің Қазақстан ауылдарында өткізілген «Кіші Октябрь» саясатының нәтижесінде елге жасалған озбырлық пен зорлық-зомбылықтан, қиянат пен аштықтан шыққан ашынған халықтың қозғалысы деп тұжырымдалсын.

Бұл шешім Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне мәлімделіп, кезінде Созақ көтерілісіне берілген саяси, ресми тұжырым қайта қаралып, әділеттілік тұрғыдан баға алуы

телетуындыға пайдаландым. Байдулла Қонысбек басшы болып тұрған кезде облыстық теледидар экранынан көрсетілген Созақ көтерілісі туралы телетуынды сол бір зұлмат жылдары өмір сүрген, куәгер болған көнекөз қарттардың естелік әңгімелерінен, оқиға болған тарихи орындар мен деректерден құралған болатын. Бұл телетуындым облыстық телерадио комитетінде әлі де сақтаулы тұрған болар...

Мұхамеджан Рүстемов ағамды Шымкенттің қақ ортасындағы көпшілік жиі келетін мәдени-демалыс саябағындағы Созақ көтерілісіне қатысқандарды жазалауда қаза тапқан қызыл әскерлерге орнатылған ескерткіш қасына ертіп келіп, сөйлеген сөзі мен тірі бейнесін түсіріп алдым. Мұқан бұл ескерткішті алып тастау, мәңгілік от алауын өшіру туралы баспасөзде мәселе көтеріп, қала әкімшілігіне бірнеше дүркін ұсыныс жасағаны туралы да айтты. Егемендікке қол жеткізіп, демократияға жол ашылған, өткен тарихи оқиғаларға әділеттілік тұрғыдан баға беріліп жатқан тұста көпшілік орнында ескі жүйемен орнатылған ескерткіш-моланың міз бақып тұрғы кеудесінде намысы бар кез келген қазақтың ашу-ызасын келтірер еді. «Бұларды даттап, қаралаудан аулақпыз. Кезінде заманның талабы мен ағымына сәйкес олар да Кеңес өкіметінің саясатын жүзеге асырды. Жіберілген қателігін, асыра сілтеушілікті дер кезінде түсіндіріп, дұрыс жолға салатындар жоқ болды. Сондықтан оларды батырлар деп дәріптемей, «Сталин мен Голощекиннің Қазақстанда жүзеге асырған қанды саясатының құрбандары» деген дұрыс» деген еді Мұқан.

Шымкенттің орталық саябағындағы қызыл жауынгерлерге орнатылған ескерткішті алып тастау туралы мен де кезінде «Егемен Қазақстан», «Алматы ақшамы» және облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газеттерінде бірнеше дүркін мақала жариялап, мәселе көтердім. Тек соңғы қырық жылдың бедерінде «Оңтүстік Қазақстан» газетінде Созақ көтерілісі туралы онға тарта көлемді мақала жарық көрген екен. 2010 жылы 15 желтоқсанда «Оңтүстік Қазақстан» газетінде жарық көрген «Көтерілісті еске сақтайық» атты мақаламды: «Тарихтағы шындық оқиғаға қиянат жасалмасын десек, Шымкенттің орталық саябағындағы Созақ көтерілісінде оққа ұшқан, сол кездегі саясат құрбандары болған қызыл әскер жауынгерлері ескерткішінің орнына көтерілістің бас қармандарының бірі Салықбай мергеннің немесе халық батырларының қолына қару алып, елі мен жерін қорғауға тас-түйін бекініп тұрған жиынтық бейнесін орнату керек. Бұл қазіргі кезде өмір сүріп отырған халқымыз үшін де, келер ұрпақ үшін де тарихи әділеттіліктің салтанат құруының жарқын көрінісі болар еді» деп түйіндеген екенмін.

Өткен тарихқа құрметпен қарау үшін бізден бұрын өмір сүрген, ақиқаттың ақ жолынан айнымаған ұлтжанды азаматтардың, оның ішінде тағдыр тауқыметі қажытқан, сол қасиетті Созақ топырағынан шыққан, сырт адамдардан гөрі шындыққа бір табан жақын абзал азаматтардың атқарған істеріне көз жұма қарап, жеке басты дәріптеуден аулақ болуымыз керек.

ӨТЕШ ҚЫРҒЫЗБАЕВ,
Қазақстанның Құрметті
журналисі,
Созақ ауданының Құрметті
азаматы.

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНЫШЫ- қАЗАҚҚА ҮЛГІ БОЛҒАН ӘР ІСІ



Қаныш Сәтбаев- қазақ ғылымына өлшеусіз үлес қосқан жан. Қазақ Ғылым Академиясын құрған, тұңғыш Президенті болған. Қазақ Геология және Минерология ғылымдарының докторы, профессор. «National digital» порталы академик Қаныш Сәтбаев жайлы тың деректер жариялаған екен. Олар:

1. Ғылама- ғалымның азан шақырып қойған шын есімі Абдулғани. Араб тілінен аударғанда Абдулғани есімі-Фани (Шексіз Байлық Иесі) болған ұлы Алланың қылы деген мағына береді екен. Фани, Қаныш деп еркелете келе Абдулғани есімі-Қанышқа айналған көрінеді. Академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың ең ірі жобасы Ертіс- Қарағанды каналы болған. Қаныш Имантайұлы 1958- 1959жылдары өзі кәміл сенген осы жобаны қолға алып, Ертіс суын Сарыарқа жеріне көтеруге мұрындық болған екен. Әйтпесе, бұл жобаны Кеңес өкіметі ұзақ уақыттар бойы жоспарлап, жүзеге асыра алмай келгенге ұқсайды. Сонымен, 1961 жылы іске қосылған жоба 1967 жылы ғана кезең-кезеңімен жүріп отырып біткен көрінеді. Ертіс суы Екібастұзды жанамалай отырып, 475 м биіктегі Екібастұз бен Қарағанды қалаларына жетіпті. Нәтижесінде, Орталық Қазақстан өңірі егістік алқапқа шаш етекпен кенеліпті. 2. Қаныш Сәтбаев Өнер саласына да едәуір үлес қосқан жан екен. Археолог- ғалым Әлкей Марғұланмен бірігіп, Қаныш Сәтбаев «Полька», «Вальс» билерін билеуге қызығыпты. Қазақтың әндерін көптеп зерттеп, Жаяу Мұса менен Затаевичтермен тығыз жұмыс жасаған екен. 3. Қаныш Имантайұлы алғашқы қазақ мектептеріне арналып жазылған Алгебра кітабының да авторы болған. 1947 жылы КСРО ғалымдарының делегациясы құрамында Англияға барған. Қазақ ғалымын алғаш рет көрген Уинстон Черчил алып денелі Қаныш Имантайұлына қарап: «Қазақтардың барлығы сіз секілді ірі денелі ма?» деп сұраған көрінеді. Сонда, Сәтбаев: «О не дегеніңіз, мен қазақтардың ішіндегі ең кішкентайымын. Ал, халқы менен де биік!» деп жауап берген екен. Қаныш Сәтбаев Кеңес кезінде қудалауға ұшыраған қазақ ғалымы Әлкей Марғұланға ара түсіп, ҚҒА ның филиалына жұмысқа алғанына ұқсайды. Академик Сәтбаев Имантай қажының екінші әйелі Әлимадан туған, бұған алда кеңінен тоқталатын боламыз. Бәйбішесі Нұрым Тасболатқызымен ширек ғасыр отасып, араларында бір ғана қыз болып, ол да сәби кезінде шетінп кеткен көрінеді. Қаныш Сәтбаев қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовпен Семейдегі семинарияда бірге оқыпты. Екеуінің көзін көрген Сіләмхан ақсақалдың айтуынша, қос алып бір пәтерде тұрыпты. Қаныш Имантайұлы бала кезінен түрлі тастарға құмар бопты және сол уақыттан бастап түртінектөп, зерттеп жүреді екен. Әсіре-

се, түсті тастарды көбірек жинаған көрінеді. Қаныш қазақ даласында геологиялық және минерологиялық барлау жұмыстары дамып, кен орындары және өндіріс орындары көптеп ашылуы үшін жоғарыда айтқанымыздай Қазақ Ұлттық Ғылы Академиясын ашқан. Сондай- ақ, академияда елінің ертеңі үшін жәнтәнімен беріліп жұмыс істейтін жандар ғаны қызмет істеуі керек деген берік ұстанымда болғанға ұқсайды. Қаныш Имантайұлы домбыра және гитара музыкалық аспаптарында ойнап, қазақ-украин әндерін орындағанды жақсы көрген екен. Қаныштың орындауындағы әндерді тұңғыш тыңдаған фольклоршы ғалым Александр Затаевич оның орындауындағы 25 қазақ әнін жазып алған. Сол тұстағы Мәскеудің тапсырмасымен Қазақ жеріндегі қазба- байлықтар мен кеніштердің картасын жасауға араласқан

Қаныш Сәтбаев біраш кеніштерді әдейікартаға енгізбейді. Мақсаты, қазақтың бар байлығы Кеңес үкіметінің пайдалына кетіп, келер ұрпақ дымсыз қаламасын деген игі ой еді. Осы ретте, орталық аппаратқа: «Қазақ жеріндегі пайдалы қазбалар өте тереңде жатыр және оны алу көп шығынды талап етеді!»-деген уәж айтыпты. Ал енді, өзімен сырлас достары Мұхтар Әуезов пен Әлкей Марғұланға: «Әдейі жазырып қалдым, келер ұрпаққа да байлық керек шығар!» деген екен. Сондай- ақ, Ұлы Британияның сол кездердегі премьер министрлерінен бірі Антони Идон Қаныш Сәтбаев жайлы: «Кеңес өкіметі құрамында Қаныш секілді ірі ғалымның, ұлы тұлғаның туғандығы ірі құбылыс» деген көрінеді. Қаныш имантайұлы география пәніне де қатты қызығыпты. Бала күнінен қазақтың жерсу аттарын жаттап өскенге ұқсайды. Ер жетіп, маман боп, геология жұмыстарымен айналысып бастағанда осы бір, бала күнгі қызығушылығы оған пайдасын береді. Тағы да топонимика ғылымымен де әуестеніпті. Әне ағайын, бұл академик, ғалым, геолог т.б мамандықтардың иесі Қаныш Имантайұлы Сәтбаев жайлы жалпы деректер еді. Ал, негізінен Қаныш жайлы жазылған ең үлкен еңбектер қазақ жазушылары Медеу Сәрсекке менен Евней Бөкетовке тиесілі екен. Сондай- ақ, бұл екі жазушы да қазақтың тағы бір «Феномен» ұлы Қаныш Сәтбаев жайлы археолог- ғалым Әлкей Марғұлан-ның тапсырмасымен жазған көрінеді. Негізінде, сол тұста Қаныш жайлы жазатын Мұхтар Әуезов секілді т.б небір заңғар жазушылары болыпты. Тек, Әлкей Марғұланның қазақ ғылымының атасы Қаныш жайлы жазуды Медеу менен Евней секілді ортаңқол жазушыларға тапсыруының да өзіндік сырлары бар көрінеді. Міне, осы және академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев, оның өмірі менен еңбек жолы, әулеті, шежіресі, қазақ ғылымына, өркениетіне қосқан үлесі жайлы газетіміздің алдағы сандарында кеңінен жазатын боламын. Әрине, Қазақтың Қанышы жайлы бір деммен, айқара бет жазып шығуға да болар еді. Алайда, замандастарынан «Феномен» деген ат алған қазақтың тағы бір құбылысы, ғалымдарының ұлысы жайлы ақпарат соншалықты көп, қайсы тұсынан келерімді білмей, әбден дағдардым. Олай дейтінім, Қаныш ағамыз жайлы деректер кезінде өзі геологиялық барлаулар нәтижесінде анықтаған кеніштер секілді хшан теңіз. Ал енді, теңізге бірден түсуге кезкелген адамның жүрексінері хақ. Сол себепті де, әуелі Қаныштай теңіздің жағалауын кешіп, толқынына соғылып, соққан самалына төсімді көріп көрейін дедім.

Данияр БЕК.
(Жалғасы бар).



Қайта әлеуметтендіру процесі жүруде

Созақ аудандық Пробация қызметі бөлімшесінің есебінде тұрған азаматтарға «Отбасын қолдау орталығында» психологиялық тестілеу шарасы ұйымдастырылды.

Іс-шараның басты мақсаты – есептегі азаматтардың психо-эмоционалдық жай-күйін, мінез-құлық ерекшеліктерін, қоғамға бейімделу деңгейін анықтап, олармен алдағы уақытта жеке оңалту жұмыстарын жүргізудің тиімді жолдарын белгілеу.

Психологиялық тестілеуді орталықтың кәсіби психолог мамандары жүргізді. Арнайы психодиагностикалық әдістемелерді қолдана отырып, әрбір азаматпен жеке сұхбаттар өткізілді. Бұл тәсіл олардың ішкі жай-күйін тереңірек түсінуге, әлеуетті тәуекел факторларын анықтауға мүмкіндік берді. Тест нәтижелері негізінде әрбір қатысушыға жеке психологиялық мінездеме жасалды.

Шара барысында орталық мамандары тарапынан азаматтарға психологиялық, құқықтық және әлеуметтік сипаттағы кеңестер берілді. Сонымен қа-

тар бейресми сұхбат арқылы сенімді қарым-қатынас орнатуға ерекше көңіл бөлінді. Бұл –қатысушылардың ашық пікірлесуіне, өз мәселелерін еркін айтуына оң әсер еткен маңызды қадам болды.

«Отбасын қолдау орталығы» мен пробация қызметі бөлімшесі арасындағы бұл өзара ынтымақтастық-есептегі тұлғаларға кешенді әрі сапалы көмек көрсетудің жарқын үлгісі. Мұндай іс-шаралар сотты болған азаматтардың қоғамға қайта бейімделуіне, өмірлік бағытын дұрыс арнаға бұруына үлкен мүмкіндік береді.

Қайта әлеуметтендіру процесі тек құқықтық бақылаумен шектелмей, психологиялық және әлеуметтік қолдаумен қатар жүргізілгенде ғана нәтижелі болмақ. Осы ретте жүргізілген психологиялық тестілеу –пробация қызметі жұмысының маңызды құрамдас бөлігі ретінде бағаланады.

Жазира СЕРІКОВА,
Отбасын қолдау орталығының психолог маманы.

Жастарға арналған мемлекеттік бағдарламалар таныстырылды



Созақ аудандық «Жастар ресурстық» орталығы КММ-нің ұйымдастыруымен жастарға арналған маңызды іс-шара өтті. Шара барысында мемлекеттік қолдау бағдарламалары бойынша үгіт-насихат қағаздары таратылып, әрбір жастың мүмкіндігі мен құқығы кеңінен түсіндірілді.

Мақсат-жастардың мемлекеттік бағдарламаларға қатысуын арттыру, белсенділігін күшейту және болашаққа де-

ген сенімін нығайту.

Таратылған материалдарда келесі бағыттар қамтылды: «Жастар практикасы», «Дипломмен-ауылға!», «Бастау бизнес», «Тұрғын үй және жұмыспен қамту» бағдарламалары.

Іс-шараға қатысқан жастар өздерін қызықтырған сұрақтарға нақты жауап алып, пайдалы ақпараттармен бөлісті.

Осындай іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады!

«Созақ үні»-ақпарат.

Ана сүті—жаңа туған нәресте үшін теңдесі жоқ, табиғи әрі бейімделген қорек. Оның құрамындағы әрбір компонент—ақуыз, май, көмірсу, витамин, минерал және иммундық жасушалар—бала дамуы мен денсаулығын қамтамасыз ету үшін арнайы үйлестірілген.

1. Құрамы және бейімделіс қасиеті

—Ана сүтінде шамамен

АНА СҮТІНІҢ МАҢЫЗЫ

400ге жуық пайдалы зат бар, олар жасына қарай өзгеріп, нақты бала қажетіне қарай бейімделеді

—Колострум (уыз) — туғаннан кейін бірінші 2–3 күнде бөлініп, иммундық белсенді заттар мен антиденелерге бай.

—Уақыт өте келе, май мен ақуыз көлемі өзгеріп, бала өсіп даму талабына сай түзеді

2. Иммундық қорғау

—Ана сүтінде IgA антиденесі, лактозалар, лактоза ферменттері, цитокиндер, лактозерин және басқа да иммундық белсенді заттар бар.

—Бұл заттар ішек, тыныс жолдары, көз-жарас жарақаттарынан қорғап, әртүрлі жұқпалы аурулардың қаупін төмендетеді

3.Аллергия, семіздік және созылмалы аурулардың алдын алу

—Сүт аллергия, астма, диабет типі 1 және типі 2, семіздік, некротикалық энтероколит секілді аурулардың даму қаупін төмендетеді

—Арнайы түзілімдер арық-

таудың алдын алады және дұрыс биықтық қалыптастырады

4. Ананың денсаулығы мен психологиясы

—Емізу—анаға да пайдалы: босанғаннан кейін қан кетуді азайтады, жатырды тез қалыпты қалпына келтіреді

—Омырау және аналық без қатерлі ісігінің қаупін төмендетеді

—Симпатиялық гормон— ок-

ситоцин бөлініп, стресс деңгейін төмендетеді, эмоционалдық байланыс нығаяды

5. Халықтық және халықаралық ұсыныстар

—Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (WHO) — 6 ай бойы тек сүт, одан кейін 2 жасқа дейін қосымша тағаммен емізуді ұсынады

—Қазақстанда да денсаулық орталықтары алғашқы 2 жылдағы сүттің маңызын ерекше атап өтеді

Қорытынды

Ана сүті—баланың алғашқы азығы ғана емес, денсаулығын нығайтып, интеллектуалды және психологиялық дамуына негіз болып табылады. Ол ананың да өмір сапасын жақсартып, отбасылық экономикаға оң әсер етеді. Сондықтан мүмкіндігінше—алғашқы таңдау ретінде ана сүтін пайдалану маңызды.

Ж.ИСАБЕКОВА,
«Созақ аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ ММК балалар дәрігері.

БЖЗҚ туралы өзекті сауалдар

1)БЖЗҚ талап етілмеген зейнетақы жинақтары бойынша қандай жұмыс жүргізеді?

—«БЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі — БЖЗҚ, Қор)зейнеткерлік жасқа жақындаған не толған алушыларға да, Қорда зейнетақы жинағы бар, бірақ зейнет жасына жетпей марқұм болған салымшылардың/алушылардың мұрагерлеріне де зейнетақы төлемдерін ресімдеу үшін уақытылы жүгіну қажеттілігі туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұдайы жүргізіп отырады.

Жыл сайын БЖЗҚ «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясымен бірігіп БЖЗҚ-дәміндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтары бар, бірақ олар бойынша зейнетақы төлемін алу үшін БЖЗҚ-ға жүгінбеген зейнет жасына толған тұлғалар бойынша халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде аталған адамдарға бюджет қаражаты есебінен тағайындалған жасына байланысты және мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерінің бар-жоқтығына салыстырып тексеру жұмыстарынжүргізеді.

2)Талап етілмеген зейнетақы жинақтары төлемін іске асыру бойынша БЖЗҚ қандай шаралар қабылдауда?

—Жыл сайынғы салыстыру нәтижелері бойынша БЖЗҚ алушыларға зейнетақы төлемдерін проактивті форматта мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырады. Яғни, зейнетақы төлемін мемлекеттік бюджеттен алатын зейнеткерлердің зейнетақы жинақтары бар болса, БЖЗҚ-дан төлемдер ала бастайды.

3)БЖЗҚ талап етілмеген зейнетақы жинақтары сомасының есебін жүргізе ме?

—01.06.2025 жылғы жағдай бойынша жалпыға бірдей белгіленген зейнет жасына жеткен тұлғалардың талап етілмеген зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы — шамамен 37,3 млрд теңге, бұл сома 264695 жеке зейнетақы шотында (ЖЗШ) сақталған. Оның ішінде БЖЗҚ-ның мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алған мәліметтеріне сәйкес:

— 148 335 адам қайтыс болған, олардың зейнетақы жинақтарын мұрагерлер талап ете алады;

— 59 800 адам Қазақстаннан тыс жерлерге тұрақты тұруға кетті;

— 56 560 адам жасына байланысты зейнетақыларын ресімдеу үшін Мемлекеттік корпорацияға (тұрғылықты жері бойынша ХҚКО) әлі өтініш бермеген.

4)Талап етілмеген зейнетақы жинақтарының жай-күйі қалай болмақ?

—Зейнетақы жинақтарының есебін БЖЗҚ жүргізеді. Талап етілмеген зейнетақы жинақтары инвестициялануын жалғастырып, салымшылардың жеке зейнетақы шоттарында алушылар не олардың мұрагерлері (салымшы қайтыс болған жағдайда)талап еткенге дейін сақталады. Қосымша табыс алу мақсатында инвестициялаумен ҚР Ұлттық Банкі және инвестициялық портфельді жеке басқарушылар(ИПБ) айналысады.

«Созақ үні»-ақпарат.

Вирусты гепатит

Вирусты гепатит А-бауырға зақымдайтын, жедел және қысқа мерзімді белгілермен сипатталатын жұқпалы ауру. А гепатитінің қоздырғышы-бауыр жасушаларында көбейетін вирус. Науқастардың 60%—дан астамы-3-7 жастағы балалар. А гепатиті қалай жұғады: қоздырғыш ішек инфекциясы тобына жатады, сондықтан ластанған су мен азық-түлік өнімдерді тұтыну, гигиенаны сақтамау арқылы жұғады. А гепатиті вирусы сыртқы ортаға науқастардың, сондай-ақ инфекцияны тасымалдаушылардың немесе аурудың жойылған түрімен ауыратын науқастардың нәжісімен бөлінеді. Дені сау адамның асқазан-ішек жолына түскеннен кейін ол қан арқылы гепатиттерге өніп, оларды бұзады. Ауру күзде және қыста

көбейеді, ал жаз айларында сирек кездеседі. Инфекциядан кейін өмір бойғы иммунитет қалыптасады.Вирустық гепатит А белгілері:Вирустық гепатит А кезең-кезеңімен жүреді. Инкубациялық кезең 2 аптадан бір айға дейін. А гепатитінің белгілері жоқ, бірақ қанда вирус бар және бауыр функциясының бұзылуы байқалады. Сарғаю алдындағы кезең 3-тен 8 күнге дейін созылады. Балалардағы А гепатитінің белгілері айқын білінеді: қызба, интоксикация, қатты әлсіздік, жүрек айну, бауыр және бас ауруы, ұйқы мен нәжістің бұзылуы. Баланың мінезі құлқы өзгеріп, ашуланшақ бола бастайды. 1-2 күннен кейін температура төмендейді және науқастың жағдайы біршама жақсарады. Осы уақытта ересектерде бірдей белгілер байқалуы мүмкін, бірақ жеңілірек түрде өтеді. Сарғаю кезеңі 2 аптаға дейін созылады. Бұл жағдайда А гепатитінің белгілері әлсірейді, науқастардың көпшілігінің жағдайы қалыпқа келе бастайды. Зәрдің қараюы және нәжістің түсінің өзгеруі, сарғаю білінеді. Бауыр ұлғаяды. Сарғаюдан кейінгі кезең ұзаққа созыла-

ды. Осы уақытта бауырдың біртіндеп қалпына келуі байқалады. Вирусты гепатит А алдын алу. Эпидемияға қарсы шаралар: -ауру жағдайы анықталған кезде барлық байланыстағы адамдар шұғыл тексеріледі және эпидемияны ерте анықтау үшін анализге қан алынады;ауру ошағында ағымдағы және қорытынды дезинфекция жүргізіледі, су мен өнімдердің сапасын мұқият бақылайды; Науқаспен байланыста болған адамдарға иммуноглобулин түріндегі дайын антиденелер енгізіледі. Иммуноглобулин-бұл А гепатитіне қарсы вакцина емес, тек ағзаны вирустан қорғаудың шарасы. Ол ошақта ауру диагнозы қойылғаннан кейінгі алғашқы 7 күнде енгізіледі. Баланы вирустан сенімді қорғаудың жалғыз жолы- вакцинация. А гепатитіне қарсы вакцинация 2 рет: бала бір жасында, содан кейін тағы 6-12 айдан кейін жасалады. Вакцинация алғандардың 95%-ы сенімді иммунитетпен қамтамасыз етіледі. Вакцинация-вирусты алдын алудың ең тиімді әдісі. Вакцинацияның тиімділігі өте жоғары!

Дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық іс-шараларды жүргізудің қауіпсіздігі

Қазіргі жағдайда дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық іс-шаралар халықтың денсаулығын қорғаудың және жұқпалы аурулардың таралуын болдырмаудың ажырамас бөлігі болып табылады. Алайда, бұл процестерде химиялық заттарды қолдану жұмысшылар үшін де, тұрғындар үшін де химиялық улану қаупін тудырады. Осыған байланысты тұрғындар мен осы қызметтерді көрсететін субъектілер арасында сақтық шараларын қолдану маңызды.Дезинфекциялау, дезинсекциялау және дератизациялау үшін қолданылатын химиялық заттарға әртүрлі пестицидтер, антисептиктер және дезинфекциялау құралдары жатады. Егер дұрыс қолданылмаса, бұл заттар адам ағзасына улы әсер етуі мүмкін, мұның өзі тыныс алу жолдарының зақымдануы, тері аурулары, аллергиялық реакциялар және тіпті улану сияқты ауыр ауруларға әкелуі мүмкін.Уытты заттардың әсер етуінің негізгі жолдарына бу мен аэрозольді ингаляция, теріге және шырышты қабаттарға тию, тағамға немесе суға кездейсоқ түсу жатады. Сондықтан жұмысшылар мен тұрғындарды осы химиялық заттарды қолдану кезінде сақтық шараларын дұрыс қолдану туралы хабардар ету өте маңызды.Дезинфекция, дезинсекция, дератизация кезінде алдын алу бойынша негізгі шараларға: Жеке қорғаныс құралдарын (бетперде, қолғаптар, көзілдіріктер, респираторлар, бір рет қолданылатын киім) қолдану. Дезинфекциялау құралдарын дұрыс таңдау.Үй-жайды өңдеу-

ге дайындау (дезинфекциялау құралдарын қолданар алдында көрінетін кірді кетіру, жақсы желдетуді қамтамасыз ету). Пайдалану және дозалау нұсқауларын қатаң сақтау.Тәуекел деңгейіне байланысты өңдеу жиілігін анықтау, өңдеу кестесін үнемі жаңартып отыру, балалардың қолы жетпейтін жерлерде сақтау, температуралық жағдайлардың сақталуын қамтамасыз ету,бір реттік материалдар мен қалдықтарды дұрыс кәдеге жарату. Кәдеге жаратумен айналысатындар үшін инфекция қаупін азайту. Дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық іс-шараларды жүргізу кезінде қауіпсіздік нормаларының сақталуын бақылауды күшейту. Тұрғындардан кері байланыс алу және химиялық өңдеулерді жүргізуге байланысты туындайтын мәселелер мен шағымдарға жедел ден қою үшін жедел желілер мен басқа да байланыс арналарын ұйымдастыру жатады. Химиялық уланудың тиімді алдын алу түсіндіру жұмыстарын күшейтуді, сондай-ақ дезинфекция, дезинсекция, дератизация кезінде қауіпсіздік шараларын сақтауды қамтитын кешенді тәсілді талап етеді. Дұрыс дезинфекция, дезинсекция, дератизация адамдардың денсаулығына кері әсерін төмендетеді және осы іс-шараларды жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭБ басқармасының басшысы.

Орманды алқапты бүлдірмейік!

Еліміз—орман-тоғайы аз мемлекеттер қатарына жатады. Деректерге сүйенетін болсақ, орман еліміз аумағының 4 пайыздан сәл ғана астам жерін алып жатыр. Дегенмен, соған қарамастан, еліміздің қай өңірін болсын жасыл желекке бөлеп, орман алқаптарын кеңейту—мемлекетіміз басымдық беріп отырған бағыттардың бірі. Ал ондағы өсімдіктер мен орманды, аңдарды қорғау әрбір Қазақстан Республикасы азаматының міндеті. Жалпы, орманды жерлер-

дегі өрт қаупі сәуір қараша айының аралығында өте қауіпті. Себебі, күннің шамадан тыс ыстық болуы, өсімдіктердің құрауы, өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталмауының соңы алапат өртке ұрындырады. Бұл өз кезегінде табиғат анаға залал келтіріп, ондағы өсімдіктердің, аң құстардың жоюлуына алып келеді. Бүгінде орманды жерлердегі өрттің алдын алу, ондағы аң құстарды аялап, браконьерлерден қорғау ауданында аудандық орман және жануарлар әлемін

қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі қызметкерлері тиісті шараларды атқарып келеді.

Орманда сөнбеген шырпыны, темекі қалдығын тағы басқа тез тұтанатын заттарды тастауға болмайды. Ауылдан шығарған күл-қоқыстарды ормандардың жанына апарып өртеуге болмайды.

Болат ШЕРИЯЗДАНОВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің орман шебері.

Қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақы туралы

Қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексіне (Салық кодексі) және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақы Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес тиісті экологиялық рұқсат пен қоршаған ортаға әсер ету туралы декларация негізінде жүзеге асырылатын, ластаушы заттардың шығарындылары мен төгінділері (қоршаған ортаға эмиссия), күкіртті ашық түрде күкірт карталарында орналастырғаны және қалдықтарды көмгені үшін алынады – бұрын эмиссия деп аталған, кәзір қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақы деп аталады.

Қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақы (БСК-105316) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі бойынша—облыстық бюджетке кіретін арнаулы түсімдердің бірі болып табылады.

Салық салу объектісі болып, яғни қоршаған ортаға теріс әсер етуші болып мыналар жатады:

- 1)ластаушы заттардың шығарындылары;
- 2)ластаушы заттардың төгінділері;
- 3)көмілген қалдықтар;
- 4)көмірсутекті барлау және (немесе) өндіру операцияларын жүргізу кезінде түзілетін, күкірт карталарында ашық түрде орналастырылған күкірт түрінде есепті кезеңде (I және II санаттағы объектілер үшін— белгіленген нормативтер және лимиттер шегінде, III санаттағы объектілер үшін—декларацияланған көлем шегінде) қоршаған ортаға теріс әсер етудің (радиоактивті қалдықтар үшін —масса, белсенділік өлшем бірлігі), оның ішінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган және оның аумақтық органдары Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының сақталуына

мемлекеттік экологиялық бақылауды (мемлекеттік экологиялық бақылау) жүзеге асыру нәтижелері бойынша белгіленген нақты көлемі салық салу объектісі болып табылады.

Төлемақы мөлшерлемелері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және салықтық кезеңнің бірінші күніне қолданыста болатын еселенгенАЕК мөлшерінде айқындалады (2025 жылы Айлық есептілік көрсеткіш - 3932 теңге)

Ластаудың жылжымалы көздері бойынша декларацияны қоспағанда, төлемақы төлеушілер ластау объектісінің орналасқан жеріндегі салық органдарына декларация тапсырады.

Қоршаған ортаға теріс әсер ететін объектісі бар салық төлеушілер Қазақстан Республикасының Экология кодексіне сәйкес айқындалған I, II және III санаттағы объектілердің операторлары төлемақы төлеушілер болып табылады және 870.00 салықтық есептілік нысаны бойынша салық декларациясын тапсырып, салық төлейді.Декларацияны тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-күнінен кешіктірмей тапсырады, яғни 15 мамыр, 15 тамыз, 15 қараша, 15 ақпанға дейін табыстайды. Төлемақыны есеп тапсырғаннан кейін тоқсан сайын -25 мамыр,25 тамыз, 25 қараша, 25 ақпанға дейін төлеу керек.

Жылдық жиынтық көлемдері 100 АЕК-ке дейінгі төлемдер көлемінде төлемақы төлеушілер декларацияны есепті салықтық кезеңнің 20 наурызынан кешіктірмей тапсырады.

Рұқсат құжаты көрсетілген мерзімнен кейін ресімделген жағдайда, төлеушілер декларацияны рұқсат құжаты алынған айдан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей тапсырады.

Қазақстан Республикасында 2021 жылдың 2 қаңтарында (№400-VI ҚРЗ) жаңа Экология кодексі қабылданды. Осы кодекске сәйкес басқа нормативтік құжаттарға да қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Қазақстан Республикасының «Са-

лық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексіне (Салық кодексі) экология мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 02.01.2021 жылғы №402-VI заңына сай Салық кодексіне де өзгерістер енгізілді.

Қазақстан Республикасының жаңа Экология кодексіне сәйкес айқындалған қоршаған ортаға теріс әсер ететін объектілер төрт түрлі санаттарға бөлінеді – елеулі жағымсыз(I-санат), бірқалыпты жағымсыз(II-санат), болмашы жағымсыз(III-санат) және барынша аз жағымсыз (IV-санат).

Салық кодексінің 574 бабы, 1 тармағына сай қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақы төлеушілері болып қоршаған ортаға теріс әсерін асыратын барлық тұлғалар табылатын болса, 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақы төлеушісі болып, Қазақстан Республикасының Экология кодексіне сәйкес айқындалған I, II және III санаттағы объектілердің операторлары төлемақы төлеушілер болып табылады болып өзгертілген. Ал, IV санаттағы объектілердің операторлары қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақы төлеушісі болып табылмайды.

Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимі қолданылатын қызметті жүзеге асыру нәтижесінде туындайтын қоршаған ортаға теріс әсер ету бойынша шаруа және фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер төлемақы төлеушілер болып табылмайды.

Жаңа Экологиялық кодексінің 418 бабы, 3 тармағына сәйкес 2021 жылғы 1 шілдеге дейін пайдалануға берілген объектілердің немесе 2021 жылғы 1 шілдеге дейін өздеріне қатысты мемлекеттік экологиялық сараптаманың немесе кешенді ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындылары берілген, 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Рес-

публикасының Экологиялық кодексіне сәйкес арнайы табиғат пайдалану субъектілері болып танылған, пайдалануға берілмеген объектілердің операторлары тиісті объектілерді осы Кодекстің ережелеріне сәйкес I, II, III және IV санаттарға жатқызу мақсатында 2021 жылғы 1 тамыздан кешіктірмей қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға өтініш беруге міндеттелген. Осы берілген уақытта салық төлеушілер санаттарын анықтауға өтініш бермеген жағдайда, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексте көрсетілген жауапкершілікте болады. «Қоршаған ортаға жағымсыз әсер ететін объектінің санатын айқындау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 246 бұйрығының 12 тармағы, 5 тармақшасына сай объектіні пайдалану кезінде жылына 10 тоннадан 500 тоннаға дейін ластаушы заттар шығарындыларының болуы және осы тармақтың 7 тармақшасына сай қауіпті емес қалдықтар үшін - жылына 10-нан 100 000 тоннаға дейінгілер III санаттағы салық салу объектілеріне жатады. Алайда, аудан аумағында көптеген салық төлеушілер бүгінгі күнге дейін нақты санаттарын анықтамай, ескі санаттарын басшылыққа алып, төлемақы төлемей келеді. Мектептер мен балабақшалардың шығарындылары мен қалдықтарына талдау жүргізу барысында жұмысшылары мен балалар саны 100 ден асқан оқу (тәрбие) орындары қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақы төлеушісі болып табылуы мүмкін екендігі анықталып отыр.

Құрметті салық төлеушілер, Сіздерді жоғарыда көрсетілген заң талаптарын сақтай отырып жұмыс жасауларыңызға шақырамыз.

Нұржамал РАМАНҚҰЛОВА,
Созақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы,
Салық төлеушілермен жұмыс бөлімінің бас маманы.

Өрт-тілсіз жау!

Өрт қауіпсіздігінің қарапайым ережелерін барлығы білуі тиіс. Адамдар көп шоғырланған жерлерде өрт шығу қаупі бар.

Әсіресе, орман-тоғайда өрттің шығуы жиі кездеседі. Жаз шығып, күн ыси бастағанда, қыс-тай қар астында жатқан құраған шөптер орман-тоғайға өр қауіптілігін туғызады.

Орман өрттері құрғақ ауа райы мен жел кездерінде айтарлықтай үлкен территорияға тара-лып кетеді. Ыстық ауа райы кездерінде, егер жауын шашын болмаса ормандар құрғап, кез — келген абайсыз жанған оттың әсерінен өрт тез таралып кетуі мүмкін. Өрттің қай жерден және қашан шығуын болжау мүмкін емес.

Орман өртінің пайда болуына көбіне адамдар кінәлі. Ол көбіне орманда өртке қарсы ережелерді білмеуінен немесе білсе де өртке қарсы ережелерді сақтамауынан, орманға келіп демалушылардан өшірілмей қалған от алаулары, сөндірілмеген темекі қалдығынан болады. Осының салдарынан құрап тұрған шөп тұтанып, үлкен өртке айналады. Егер орманшылар не-месе өрт сөндірушілер тез шара қолданып, өшірмесе біраз орман жерін алып кету қаупі бар.

Күмісбек АМАЛБЕК,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

Табиғат аясында өртке абай болайық!

Көп жылдар бойы өз бетімен бой көтеріп жайқалып өскен немесе адам қолымен отырғызылған жасыл желекті орман бірнеше сағаттың ішінде отқа оранып жойылып кетуі мүмкін. Орман өртінен кейінгі көрініс жан түршігерліктей. Көрікті демалыс орындары қара күйе ағаш бағандары мен өңсіз құлаған ағаш үйінділеріне айналады. Орман әр жылы әр түрлі белсенділікпен жа-нады, бұл тек ауа-райының қолайсыздығынан ғана емес. Орман өрттері әр-түрлі себептерден болады. Олардың басым көпшілігі—сөндірусіз қалдырылған от, тұтанған темекі қалдықтары мен шырпы, құрғақ шөпті жағу болып табылады. Жаз мезгілінің басы мен орта кезі орман үшін өте қауіпті мезгіл, ыстық та аңыз-ақ, соңы қатты желге айналған. Былтырғы жылғы шөпті өсімдіктер, түскен жапырақтар әбден кеуіп, жану ма-териалдарына айналады. Жыл өткен сайын өрттен келетін зиян ұлғайып барады. Өрт қауіпті мерзімде мемлекеттік орман қоры аумағында жас қылқан жапы-рақты орман отырғызылған жерде, бұрын болған өрт орындарында, бүлінген орман учаскелерінде, жа-рылған ағаш қалдықтары мен дайындалған ағаш отын-дары бар орман ішіндегі ағаш кесетін жерде, кеуіп қалған шөпті өсімдіктер орындарында, сондай-ақ ағаш-тардың ұшар басы маңында от жағуға тыйым салына-ды.

Қанат АХМЕТБЕК,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

Өрттің алдын алу-орманның оңды болашағы

«Ағаш ек, тал ек, туған жерді түлет» деген мақсат-ты берік ұстана отырып көктем келген сайын жылда ағаш көшеттерін отырғызуды жапай қолға аламыз. Одан кейін ол отырғызған көшеттеріміздің өртеңіне елеңдей қоймайтынымыз бар. Бүгінгі таңда ақпарат көздерінде «анда газ жарылды, мұнда өрт шықты» де-ген жағымсыз жаңалықтар жан түршіктіреді. Сол апат-тардың ішінде өрттің алдын алу әрбір аудан тұрғын-дарына маңызды. Өрттің қауіпті маусымының баста-луына байланысты тау бөктеріне жапсарлас орна-ласқан ауыл тұрғындары арасында жиналыс өткізілді. Ол жиында ауыл тұрғындарына өрттің зияны мен қауіпсіздігін сақтау туралы; отты тек қана арнайы жерде жағуға, пайдаланғаннан кейін сумен немесе то-пырақпен сөндіру қажеттігі туралы және т.б. қауіп-сіздік ережелері туралы түсіндірме жұмыстары жүргі-зу, сөндірілмеген темекі тхқылын тастауға; кішкентай балаларға күкірт беруге; бөтелке сынықтарын тас-тауға қатаң тыйым салынатындығы жайлы ескерту-лердің түсіндірілгенін айтты. Сондай-ақ, өртті болдыр-мау үшін тыйым салынатын бірқатар іс-әрекеттер ту-ралы да жиналыс барысында кеңінен айтылыпты. Тау бөктерінде отырған малшыларымызға осы өрттің зи-яны мен қауіпсіздігі туралы да қағаз жүзінде ескерту-лер берілгенін атап өтті.

Н.ШҮҢРЕКОВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің ОӘСС меңгерушісі.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:

Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішіш-
Багила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрмаш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарыпмайды және оларға піір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен өкі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпа-рат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігі және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басыл-ды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жа-йы: 161000, Шолақорған ау-ылы, С.Қожанов көшесі 68,
байланыс телефондары 4-15-
30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3350 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев